

## ГЕНДЕРЛІК БІЛІМНІҢ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Жазира АҒАБЕКОВА\*  
Жаркынбике СҮЛЕЙМЕНОВА\*\*

**Түйіндеме:** Мақалада гендерлік білімнің тұлға қалыптастырудағы рөлі баяндалған. Қазақстандық білім беру жүйесінде тұлғаның әлеуметтенуі – дидактикалық өзекті мәселе. Тұлғаның әлеуметтенуінде гендерлік білімінің маңызы зор. Гендерлік тәрбие отбасынан басталады, балабақшада, мектепте, одан әрі жоғары оқу орындарында жалғасын табады. Мақалада болашақ маманның жоғары оқу орнында гендерлік құзыреттілігін қалыптастырудың маңызы, оның мазмұны, қалыптасу деңгейлері және оның әдістемелік аспектілері қарастырылады. Жаңа білім беру парадигмасының талаптары маманнан көлемді ақпаратты жылдам әрі сапалы талдай білуді, өз білімін болашақ кәсіби тәжірибелік әрекетінде тиімді де оңтайлы қолдана білу қабілеттерін қалыптастыруды талап етеді. Осы мәселелер тұрғысынан бірқатар зерттеушілердің, атап айтқанда, С.Б. Бабаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М Қоянбаев. Ж.Н. Сарсенова, т.б. еңбектеріндегі тұлға қалыптастыру, отбасы тәрбиесі, жоғары білім беру жүйесіндегі студенттің жеке-дара ерекшеліктері, гендерлік білімнің маңызы жөніндегі пікірлері сараланды.

**Тірек Сөздер:** *Гендерлік Білім, Тұлға Қалыптастыру, Әлеуметтену*

### The Role of Gender Education in Personality Formation

**Abstract:** The article describes the role of gender knowledge in personality formation. The socialization of personality in the Kazakh education system is a didactically relevant problem. Gender knowledge is of great importance in the socialization of personality. Gender education begins with the family, continues in kindergarten, school, and then in universities. The article examines the importance of the formation of gender competence of a future specialist at a university, its content, levels of formation and its methodological aspects. The requirements of the new educational paradigm require a specialist to be able to quickly and efficiently analyze voluminous information, to form the ability to effectively and optimally apply his knowledge in future professional practice. From the point of view of these problems, a number of researchers, in particular S. B. Babaev Zh. B., Koyanbaev R. M. In the works of Zh. N. Sarsenova et al., opinions on personality formation, family education, personal characteristics of a student in the higher education system, the importance of gender education were analyzed.

**Key Words:** *Gender Education, Personality Formation, Socialization*

### Кіріспе

Қазіргі кезеңде білімінің капиталға, әлеуметтік құрылымның маңызды бөлігіне айналуына байланысты білім сапасы адамның болашақта табысты, белсенді тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік береді.

XX ғасыр соңы мен XXI ғасыр басы еліміздің білім беру жүйесінің реформалар мен жаңарулар кезеңі болуымен ерекшеленді. Осыған орай мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының бірі білім беруді дамытудың ұлттық моделін құру, қазақстандық білім мен ғылымының әлемдік бәсекеге қабілеттігін арттыру, рухани құндылықтар негізінде тұлғаны оқытып-тәрбиелеу болды (Бабаев, 2007: 17).

Білім беру жөніндегі стратегиялық құжаттарда тұлғаның әлеуметтенуіне басымдық берілген. Тұлғаның әлеуметтенуі ерте бастан, отбасынан бастау алады. Ата-ана ұл-қызына тәлім-тәрбие беруде олардың болашағына жол ашып, өмірде табысты өмір сүруі үшін алғышарттар жасайды. Белгілі ғалым Б.Ж. Қоянбаев ата-ана тәрбиесінің мәні туралы «Ана мен әке тәрбиесі – бұл өзара ынтымақтастық, тілектестік мақсатқа сәйкесті тәрбие, дене тәрбиесін іске асырудың жолдары мен тәсілдерін іздестіру арқылы ұлдары мен қыздарын адалдыққа, кішіпейілдікке, инабаттылыққа, қарапайымдылыққа, қайырымдылыққа, еңбексүйгіштікке, ұстамдыққа, төзімдікке, өмірдегі табиғаттағы сұлулықты сүйуге, қазақ халқының ерлік дәстүріне тәрбиелейді», - деп тұжырымдайды (Қоянбаев, 2002: 372).

\* Ф.ғ.к., ассоц. профессор, Назарбаев университеті, zhazira.agabekova@gmail.com

\*\* П.ғ.д., профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, zharkyn123@mail.ru

Отбасында қалыптаса бастаған тұлғаның жан-жақты дамуында гендерлік білімнің маңызы зор. Гендерлік білім отбасы, содан соң балабақша, одан әрі мектепте білім алу үрдісінде жалғасын табады.

## **1. Негізгі Бөлім**

Тұлғаның әлеуметтенуінде мектептің рөлі үлкен. Педагогика саласында белгілі ғалымдардың бірі С.Б. Бабаев тәрбие ұғымын әлеуметтік және педагогикалық мәнде түсіндіре келе, «Әлеуметтік мәніндегі тәрбие – бұл аға ұрпақ жинақтаған тәжірибені кіші әулетке өткізу», - дейді. Демек, тәрбие рухани мұра болып табылады. Осы мәселелер тұрғысынан этно тәрбиенің алатын орны ерекше. Қазақ дәстүрлі тәрбиесі үлкенді сыйлау, қыздарды болашақ ана рөліне даярлау, ерлерді отбасы қорғаушысы және оларды салауатты өмір салтын ұстануға бағыттайды.

С.А. Құлшанова «Мектеп педагогикасы» атты еңбегінде оқушының тәрбиенің ғана нысаны емес, сонымен қатар, тәрбие субъектісіне айналуы керектігіне баса мән береді, «себебі 1) ол өзін қоршаған ортаны танушы, білуші; 2) белсенді іс-әрекеті арқылы сол ортаға өз тарапынан ықпал жасайтын адам», - деп тұжырымдайды (Құлшанова, 2005: 60).

Жалпы алғанда, тұлғаның дамуы – оның физиологиялық дамуымен қатар, психикасының, дүниетанымының, саяси сауаттылығының дамуындағы сапалық өзгерістер. Осы тұрғысынан С.А.Құлшанова зерттеуші В.А. Соковиннің еңбегіне сүйене отырып, жеке тұлғаның дамуының бірнеше деңгейін көрсетеді:

1. Қоғамның жалпы индивидке ықпалы, қоғам өз байлығын және әлеуметтік құндылықтарын, арман мұратын, мақсатын қарым-қатынас арқылы оның әлеуметтік ұйымдастырылған құрылымы арқылы береді;

2. Жалпы қарым-қатынас процесінде жеке тұлғаға ықпал ету жалпы ақпарат құралдары арқылы жүзеге асады.

3. Жеке топ ішінде қоғамға ықпал ету түйіскен қарым-қатынас арқылы жүзеге асады (Құлшанова, 2005: 62).

Мұнда тұлғаның дамуына қоғамдағы әлеуметтік құндылықтар, орта, бұқаралық ақпарат құралдарының, қарым-қатынастың ықпалының маңызы ерекше екендігіне мән берілген. Жалпы орта білім беруде жастардың жеке тұлғасын қалыптастыруда зерттеуші Жарықбаеваның (2022: 40) пікірінше, «оқушы жастардың болмысындағы азаматтық саяси-құқықтық, мәдениет пен патриотизмнің қасиеттерін қалыптастыру бағытындағы бағдарлы жұмыстардың жүйелілігі айқын көрінбейді». Демек, бұл мәселе аз қарастырылған. Оқушы тұлғасын дамытуда оның белсенді өмірлік ұстанымы болу керектігіне мән беру керек. Бұл, негізінен, қоғамның демократиялық қағидаттарының негізі болып табылады. Бұл гендерлік білім берумен де тығыз байланысты. Сондықтан орта білім беруде гендерлік тұлға қалыптастыруда білім мазмұнына да өзгерістер қажет екендігі айқындала түседі.

Сонымен, әлеуметтенудің басты буындарының бірі – гендерлік білім мәселесі, одан әрі жоғары білім беру жүйесінде жалғасын табады. Гендерлік білімді болашақ маманның табысты өмір сүруінің басты кепілі деп айтуға болады. Болашақ маман – кешегі мектеп оқушысы. Тұлғаның гендерлік құзыреттілігі, негізінен, ЖОО-да оқу үрдісінде қалыптасады. ЖОО-да гендерлік тәрбие, гендерлік білімнің маңызы зор, себебі ұлдар мен қыздардың (бозбала мен бойжеткен) дара ерекшеліктерінің жан-жақты дамып, қалыптасуы – осы студенттік шақ.

Қазір ұлттық білім беру жүйесі жаһандану үрдісі кезеңінде. Жоғары білім беру әлеуметтік саясаттың басты бағыттарының біріне айналуға, себебі экономикалық жетістіктер білім беру сапасымен, тұлғалардың білімділігімен, мамандардың әлемдік бәсекеге қабілеттілігімен анықталады. Қазіргі өзгермелі қоғамда өз бетінше әрекет етіп,

шешім қабылдай алатын, өз болашағына жауапкершілікпен қарайтын, шығармашыл, өзінің дамып жетілуін құндылық ретінде түсінетін, үздіксіз білім ала алатын ұлтжанды тұлға – заманауи маман. Жаңа білім беру парадигмасының талаптары маманнан көлемді ақпаратты жылдам әрі сапалы талдай білуді, өз білімін болашақ кәсіби тәжірибелік әрекетінде тиімді де оңтайлы қолдана білу қабілеттерін қалыптастыруды талап етеді.

ЖОО білім беру мазмұнының әлемдік білім беру кеңістігіне енуіне байланысты құрылымдық-мазмұндық моделі түбегейлі өзгерді: білім мазмұны жаңаша құрылды, білім ақпараттандырылды, оқыту стратегиялары мен технологиялары өзгерді, адами, қоғамдық құндылықтар жаңаша сипат алды. Аталған өзгерістер ЖОО оқытушысының алдына жаңа талаптар мен міндеттер қойды. Бұл, негізінен, білім алу рөлінің маңыздылығының артуына байланысты болды: өмір бойы білім алу парадигмасына, виртуалды білім алу мүмкіндіктерінің артуына, тұлғаның өздігінен білім алуына, өзін-өзі жетілдіруіне басымдық берілді.

Оқытудың жаңаша құрылуының алғышарттары – маман даярлаудың құзыреттілік моделін қамтамасыз ететін оқытуды демократияландыру, ізгілендіру, ізгіліктендіру, ақпараттандыру, саралау, студенттің жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуына баса мән беру, интербелсенді, проблемдік, бағдарламалық оқытуды жетілдіріп, оқыту үдерісіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізу, оны білім беруде кең қолдану және оқытудың нәтижелілігі. «Адамзат үшінші мыңжылдық табалдырығында адамдағы адамгершілікті өрістету мәселелерінің басымдығын бұрынғыдан да көбірек мойындауда. Адамның өнегелік-рухани бейнесі, оның қоғамдағы әл-ахуалы жеке тұлғаға бағдарланған білім беру мен тәрбиеге тікелей байланысты» (Құсайынов, 2010: 5).

Демек, жоғары мектепте білім беру мазмұнының негіздері қоғам дамуы заңдылықтарына сәйкес білімнің шындық өмірмен тығыз байланыста болуымен, оқыту үдерісінің педагогикалық ынтымақтастыққа құрылып, ізгілік сипат алуымен, білімнің жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға, оның әлеуметтенуіне бағытталуымен сипатталады, яғни білім мазмұны қоғам мұқтаждығын өтеп, қоғам дамуымен біте қайнасуы қажет.

Осы тұрғысынан гендерлік білімнің тұлға қалыптастырудағы маңызды рөлін айқындауда А.Н. Нысанбаев, Г.Х. Ганиева, З.М. Балгимбаева, С.М.Шакирова, Ж.Н.Сарсенова, А.Б.Отарбаева т.б. еңбектерінің маңызы зор.

ЖОО-да гендерлік тәрбие беруде тұлғаның өзінің психологиялық, физиологиялық ерекшеліктерін танып-білуі қоғамның барлық салаларында тиімді қарым-қатынас орнату үшін өте маңызды. «Гендер – жыныстың әлеуметтік көрінісі» (Сарсенова, 2010: 9) деп ой түйіндесек, білім алушы әртүрлі әлеуметтік жағдайларда жынысына қарай шектеуге болмайтындығын түсінуі тиіс. Гендер – қоғамда ерлер мен әйелдердің өзара бірлікте, түсінушілікпен, толеранттықпен ынтымақтастықта, теңдіктерін сақтай отырып өзара әрекет етуі. Гендерлік білім әйелдер мен ер адамның әлеуметтік өзара қарым-қатынасын айқындайды.

Жоғары білім беру жүйесіндегі гендерлік білімнің мақсаты – гендерлік тұлға қалыптастыру. Студентке білім беруде оның мазмұны қоғамның дамуына сәйкес тұлға қалыптасуы мен рухани дамуына, терең білім алып, қызығып оқуына, өзі-өзін жетілдіруіне мүмкіндік беру керек. ЖОО-да гендерлік білім беруде оның мазмұны гендерлік мәдениет, гендерлік ұғым туралы түсінік, гендерлік стереотиптермен сипатталады. Яғни ерлер мен әйелдердің дара ерекшеліктері, олардың қоғамдағы рөлі, әлеуметтік рөлі, гендер бойынша базалық ұғымдарды білуі және гендер жөніндегі нормативтік-құжаттардың мақсаты мен міндеттері туралы білімінің болуы гендерлік білімнің негізі болып табылады.

Гендерлік тәрбие берудің моделі мотивациялық (гендерлік білімнің қажеттілігін сезіну), мазмұндық (гендерлік білім мазмұны), әрекеттік (гендерлік білімді игертудің қағидаттары мен әдістері, тиімді құралдары), рефлексиялық (гендерлік білімді игерудегі өзін-өзі бақылауы, кері байланыс жасап, өзінің білім деңгейін тануы), нәтижелік (гендерлік білімнің қалыптасу деңгейлері, тексеру мен бақылау) компоненттерінен тұрады. Осы тұрғысынан ЖОО-да гендерлік білімді қалыптастырудың моделін негіздеу барысында әдіснамалық аспектілеріне мән беру қажет.

Әлеуметтік тұрғыдан студенттік кезең басқа топтардан танымдық уәждің жоғары және тұрақтылық дәрежесімен ерекшеленеді. Әрекеттік тұрғыдан студент – белсенді және өзара әрекеттесу субъектісі ретінде кәсіби қатысымдық белсенділікке ие. Бұл кезең кәсіби әлеуметтену кезеңі болғандықтан, студенттің танымдық оқу әрекетін белсендіре отырып, білім сапасын артыру – өзекті. Студент «әрекеттің субъектісі ретінде үйренушінің өзіне бағытталады, оның әлеуметтік-мәдени тәжірибені қоғамдық пайдалы, танымдық, теориялық және практикалық іс-әрекеттің әртүрлері мен формаларында саналы, мақсатты игеруі арқасында тұлға ретінде қалыптасуы, дамуы және шыңдалуы» (Зимняя, 2005: 246).

Мотив – әрекетке итермелейтін пәрменді күш, түрткі, ынта-ықылас, қызығушылық. Уәжді қалыптастырудың маңызды шарты – педагогикалық үдеріс компоненттерінің бірлікте жүзеге асуы, яғни оқу формаларының, оқыту әдістерінің, оқу құралдары мен білім беру технологияларының бір-бірімен үйлесім табуы. Оқу үдерісіндегі танымдық уәждеме – кәсіби танымдық әрекеттің қозғаушы күші, түрткісі. ЖОО-да болашақ маман даярлау үдерісінде білім мазмұнын кәсіби бағдар беруге сәйкестендіріп, оқытудың жаңа формалары мен белсенді әдістері негізінде студенттердің білім алуға ынта-ықыласын оятып, білімді саналы берік игеруге мүмкіндік жасауға болады. Мұндай жағдайда студенттің алға ұмтылуының бірінші басқышы – болашақта білікті, табысты, танымал маман болуға, жан-жақты білім алуға, өмірде табысты болуға ұмтылуы болмақ. Жан-жағын тануы, университеттің қоғамдық ортасына бейімделіп, дос-жолдастарымен тиімді қарым-қатынас құруы – студенттік шақтың маңызды бір кезеңі. Осымен байланысты ұлдар мен қыздардың өзара достық қарым-қатынасының орнауы, өзара табысты әрекеттесуі, негізінен, оқу үрдісінде жүзеге асады. Осы кезеңде, бойжеткен мен бозбала шағында мораль мәселелеріне басты назар аударып, өз тұлғаларын өзі жетілдіруге даярлана бастайды.

Осылайша, студенттік шақта тұлға, сонымен қатар гендерлік тұлға қалыптасуына ЖОО-дағы оқу үдерісі басты рөл атқарады. Жоғары білім беру жүйесі студенттің өзін-өзі жетілдіруге, дамытуға барлық мүмкіндіктерді қамтамасыз ету керек. Студенттің ерекшелігі – өздігінен білім алуға ұмтылуымен ерекшеленеді. Оның мұндағы мақсаты – өзі қызығатын, таңдаған маман иесі болу. Бұл кезеңде студент өз әрекетінің субъектісіне айналады.

Зерттеушілер әлеуметтенудің негізгі факторларының үш тобын көрсетеді: макрофакторлар (әлем, мемлекет деңгейіндегі кең ауқым), мезофакторлар (ұлттық деңгей) және микрофакторлар (оқу ортасы, т.б.). Аталған факторлар ішінен біздің қарастыратынымыз – микрофакторлардың ықпалы. Осымен байланысты гендерлік білімді игертудің түрлі әдістерін, инновациялық әдістемесін қолдану ЖОО оқытушысының кәсіби шеберлігіне, оның гендерлік білімінің деңгейіне байланысты болады. Гендерлік білім мазмұнын құрайтын тақырыптар ерлер мен әйелдердің тең құқықтары және тең мүмкіндіктері, гендерлік теңдік мәселелері, қоғамның барлық салаларында гендерлік теңдікке жағдай жасауға қатысты негізгі ұстанымдарды анықтайтын нормативтік құжаттар бойынша, жыныстық теңдікті қамтамасыз ету үшін қоғамның құқықтық және саяси мәдениеті деңгейі туралы, ерлер мен әйелдердің тең

құқықтық мәдениетін тәрбиелеу және насихаттау, жыныстық белгісі бойынша кемсітушілікке жол бермеу, ерлер мен әйелдердің отбасында және бала тәрбиесіндегі құқықтары мен міндеттерінің гендерлік теңдігін қамтамасыз етуге байланысты, олардың бала тәрбиесінде жауапкершілігінің тең бөлінуі туралы оқытушы білім алушыларға түсінік қалыптастыруда педагогикалық ынтымақтастық қағидатын ұстана отырып, оқытудың жаңа технологияларын, атап айтқанда, пікірталас, дебат, тренинг, кейс-стади, пресс-конференция, дөңгелек үстел, рөлдік-іскери ойындарды, IT технологияларын тиімді қолдануы гендерлік білім қалыптастыруда жоғары нәтиже береді.

Қазіргі кезеңде ЖОО студенттерінің гендерлік білімнің қалыптасуына ықпал ететін факторлар аз емес, интернет, бұқаралық ақпарат құралдары, кино-театр, мешіт, әртүрлі жанрдағы кітаптар, т.б. Осы тұрғысынан гендерлік білім беруде интернет-ресурстары мен бұқаралық ақпарат құралдарын қолдану арқылы, тәрбиелік-танымдық мәні зор кинолар мен қойылымдары бірге көріп, талқылау, әртүрлі жанрдағы көркем әдебиетті оқытуға мән беріледі.

Гендерлік білім студенттің кәсіби ойлау мәдениетін қалыптастырып қана қоймай, оның таным көкжиегін кеңейте түседі, оқу әрекетін белсендіреді, болашақ маман ретінде өзіндік дара ерекшелігін, өзінің шынайы көзқарасын білдіре алатын, өмірлік ұстанымының айқындауына көмектеседі. Дидактикадағы жаңа ағым – *білімді ізгілендіру* оқу үрдісінде студенттің – жеке ерекшелігін ескеруге, олардың ынта жігерін қолдауға, білімге, пәнге құштарлығын оятуға, мақтау-мадақтауға, үйренушіге жеке тұлға ретінде қарауға, сондай-ақ оқытушы мен студент арасындағы оқу әрекетінің біртұтас ынтымақтастыққа құрылуына негізделді. Оқу үрдісінде мұны жүзеге асырудың жолдары: студенттің жеке ерекшелігін ескеру, оның ынта-жігерін қолдап, жеке басына, дара ерекшеліктеріне құрметпен қарау, білім мазмұнының студенттің өз бетінше, өзіне лайықтысын, қажетін тандап алатындай дәрежеге көтерілуі, оқу әрекетінің ынтымақтастыққа құрылуы, белсенді коммуникант болуға дағдыландыру. Осы тұрғысынан «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу: жоғары білім берудің жаһандық мәселелеріне жауаптар» атты монографияда қазіргі заманауи тұлға қалыптасуындағы кең ауқымды дағдылардан коммуникация, әлеуметтік дағдылар, шығармашылық, инновация және кәсіпкерлік, этика және адалдық, аналитикалық және сыни ойлау, көшбасшылық және топтық жұмыс, икемділік, бейімделгіштік, зерттеу дағдылары, цифрлық дағдылар; өмір бойы оқу тәрізді қабілет болу қажеттігін көрсетеді (Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, 2021: 66). Мұндағы коммуникация ұғымы мәнінің және қалыптасатын дағдылар ауқымында алдыңғы орынды алуының маңызы ерекше. Себебі қатысым – адам қарым-қатынасындағы маңызды құра. Сондықтан болашақ маманның сөз мәдениетін, кәсіби тіл мәдениетін, сөйлеу әдебін игеруі оның табысты өмір сүруінің кепілі деуімізге негіз бар. Осымен байланысты оқу үрдісін кәсіб-диалогтік ортаға айналдыру, интербелсенді, инновациялық әдістемелік жүйені қолданудың маңызы зор.

Мұратбаеваның осы мәселе тұрғысынан болашақ маманның кәсіби дағдыларына қойылатын талаптардан «шығармашылық, ұйымдастырушылық, ізденісін жетілдіру, сөйлеу мәдениетін дамыту, ғылыми еңбектерді білу, талдауға бейімділігін, ұлтының ұлттық құндылықтарын тани білуін, дүниетанымдық, интеллектуалдық және шығармашылық құрамдарының өзара байланысын білуге дағдыландыру», - деп айқындауы – құптарлық (Мұратбаева, 2014: 23).

### **Қорытынды**

Сонымен, жоғары білім беру жүйесінде гендерлік білім – кәсіби тұлға қалыптасуының негізін құрайтын бір құрамдас маңызды бөлігі. Болашақ маманның гендерлік құзыреттілігі оның өзінің психикалық, физиологиялық ерекшеліктерін

түсінуге, адамды жынысына қарай кемсітушілікке жол бермеуге, отбасын құруда, бала тәрбиесінде жауапкершіліктің әкеге де анаға да тең берілуі, т.б. адамдардың қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік қарым-қатынасындағы теңдік мәселесі туралы білімнің тереңдей түсуіне, сөйтіп, табысты өмір сүруіне мүмкіндік береді деп қорытындылауға болады.

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

- Бабаев, С.Б. (2007). «Бастауыш мектеп педагогикасы». Оқу құралы. – Алматы. “Нұр-пресс”.
- Бұл мақала ҚР ҒЖБМ-нің 2023-2025 жж. гранттық қаржыландыруы аясында әзірленді (ИРН АР19680587; Жоба тақырыбы: “Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарындағы гендерлік білімнің ғылыми концепциясы: теориялық - методологиялық негіздері”).
- Білім беру бағдарламаларын әзірлеу: жоғары білім берудің жаһандық мәселелеріне жауаптар (2021). Монография /Аида Сағынтаева, Айжан Мусина, т.б. Назарбаев Университеті, Жоғары білім беру мектебі. - Нұр-Сұлтан.
- Жарықбаева, Д. (2022). «Мәңгілік Ел» идеясы аясында Қазақстан жастарының азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытудың ғылыми негіздері. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. - Алматы.
- Зимняя, И.А. (2005). Педагогикалық психология: Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. Екінші толықт., түзет. және қайта өңделіп. Бас. /Орыс тілінен аударған М.А.Құсаинова. - М: Логос; Алматы: TST-company.
- Қоянбаев, Ж.Б., Қоянбаев, Р.М. (2002). «Педагогика». Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы. -Алматы.
- Құлшанова, С.А. (2005). Мектеп педагогикасы: Оқу құралы. - Алматы: КазМемҚызПИ.
- Құсайынов, А.Қ. (2010). Білім – болашақ негізі. – Алматы: RONDA, 2010. -296 б.
- Мұратбаева, Г.А. (2014). Кәсіптік педагогика: Оқу құралы. Алматы: «Қыздар университеті».
- Сәрсенова, Ж.Н. (2010). Гендер туралы түсінік. Оқу құралы. - Алматы: Нұр-Принт.